

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 885 және 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1450. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 544 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Қаулысы

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 885 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 23, 203-құжат):

тақырыбында және мәтінінде "лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы Ережені", "лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы Ереже" деген сөздер "лицензиялау ережесін", "лицензиялау ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы ережеде:

тақырыбында "лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы Ереже" деген сөздер "лицензиялау ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта ", ал көлік құралында осы қызметтің түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын есеп құжаты" деген сөздер алынып тасталсын ;

7-тармақта "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі (лицензиар)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің органдары (бұдан әрі - лицензиар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Лицензиялар теңіз және өзен көлігіндегі қызметтің мынадай түрлеріне беріледі :

жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға;

қауіпті жүктерді тасымалдауға.
Лицензиялар мынадай белгілермен белгіленеді:
жүктерді тасымалдауға - "Жүк";
жолаушыларды тасымалдауға - "Ж";
қауіпті жүктерді тасымалдауға (қауіпті жүктің түрі көрсетіледі) - "ҚЖ".
Қолданылу мерзіміне және қызметінің көлеміне қарай лицензиялардың
мынадай түрлері болуы мүмкін:
басты - мерзімі шектелмей берілетін белгілі бір қызмет түрімен айналысуға;
бір жолғы - рұқсат етілген көлем, салмақ немесе сан шегінде белгілі бір
шаруашылық операцияны жасауға.";

9-тармақта "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар
министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
министрлігінің Көліктік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Екі және одан көп көлік құралдарының иелері - жеке және заңды
тұлғаларға лицензия ресімдеу кезінде әрбір көлік бірлігіне лицензияның бар
екенін растайтын құжат беріледі.";

2 2 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"лицензиялар берудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының
заңнамалық кесімдеріне сәйкес белгіленетін жағдайлардан басқа, азаматтың
кәсіпкерлік қызметі тоқтатылған бір түрдегі заңды тұлғаның екінші түрдегі
заңды тұлға болып қайта құрылуын (ұйымдастыру-құқықтық, нысаны өзгеруін)
қоспағанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;"

мемлекеттік тілдегі мәтінде "жасалған" деген сөзден кейін ";" белгісі
қойылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"лицензияны лицензиарға ерікті түрде қайтарған.";

23-тармақ алынып тасталсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде "жойылмаған" деген сөзден кейін ";" белгісі
қойылып, 24-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"лицензиат лицензия алу кезінде көрінеу жалған ақпарат берген;"

2) "Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және
жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіпті бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714
қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 24, 212-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында темір жол
көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды
лицензиялау туралы тәртіпте:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Лицензиялар қызметтің мынадай түрлеріне беріледі:
жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға;
қауіпті жүктерді тасымалдауға.
Лицензиялар мынадай белгілермен белгіленеді:
жүктерді тасымалдауға - "Жүк";
жолаушыларды тасымалдауға - "Ж";
жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға - "ЖүкЖ";
қауіпті жүктерді тасымалдауға (қауіпті жүктің түрі көрсетіледі) - "ҚЖ".
Лицензияда, сондай-ақ оның қызметінің аумақтық саласы көрсетіледі:

і ш к і т а с ы м а л д а р ;
ауданаралық (қалааралық) тасымалдар;
облысаралық тасымалдар;
халықаралық тасымалдар.

Қолданылу мерзіміне және қызмет көлеміне қарай лицензиялардың мынадай түрлері болуы мүмкін:

басты - мерзімі шектелмей берілетін белгілі бір қызмет түрімен айналысуға;
бір жолғы - рұқсат етілген көлем, салмақ немесе сан шегінде белгілі бір шаруашылық операцияны жасауға.";

8-тармақтың жетінші абзацы және 10-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы